

**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «№2
Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-да 2025 жылғы
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
талдамалық Анықтама**

04.08.2025ж.

Шымкент қ.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2025 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына, Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-ның 2025 жылғы 25 маусымдағы №231-н/к «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығының негізінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Іс –шарға «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» басшысының қатысуымен жүргізілді.

Талдау бағыттары:

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
2. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
3. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
4. Бюджет және қаржы қаражатын бөлу және игеру.

Талдау нәтижелері:

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Диспансерде кадрлық саясатқа байланысты ішкі нормативтік құжаттар бекітілген және қолданыста бар. Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және босату тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және мемлекеттік қызметке немесе медицина ұйымдарына тән кадрлық рәсімдерге сәйкес жүргізіледі.

Ұсыныстар:

Барлық лауазымдар бойынша ашық конкурс өткізу тәртібін қатаң сақтау және оны ішкі нормативтік актілермен бекіту;

Қызметкерлердің қызметтік нұсқаулықтарын, лауазымдық міндеттерін және ішкі еңбек тәртібі қағидаларын жаңарту; Кадрлық резерв жүйесін қалыптастырып, бекіту, резервтегі үміткерлермен жұмыс жүргізу тәртібін енгізу; Кадрлық ауысымның себептерін жүйелі түрде талдап отыру, әсіресе кадрлардың кету себептерін зерделеу; Персоналды басқару қызметіне жыл сайын ішкі аудит жүргізу, оның нәтижесі бойынша ұсынымдар әзірлеу.

2. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша ішкі бақылау жүйесі диспансерде құрылған және барлық қызметкерлерді қамтиды. Қызметкерлер тарапынан мүдделер қақтығысы туралы уақтылы хабарлама беру тәжірибесі жүйелі жолға қойылған.

Ішкі құжаттарда (еңбек тәртібі ережелері, этика кодексі, лауазымдық нұсқаулықтар) мүдделер қақтығысын болдырмау бойынша міндеттемелер көрсетілген. Жыл сайын қызметкерлерден мүдделер қақтығысы бойынша декларация немесе түсініктеме алу тәжірибесі қалыптасқан.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Мүдделер қақтығысын формалды түрде реттеу нақты жағдайларды ескермеуге және тәуекелдің уақтылы анықталмауына әкелуі мүмкін;

Жеткіліксіз түсіндіру жұмыстары қызметкерлер тарапынан әдейі немесе байқамай жасалған құқықбұзушылықтарға жол беру ықтималдығын арттырады;

Қадағалау және есептілік жүйесінің әлсіздігі деректерді жасыруға немесе хабарламаудан туындайтын жауапкершілікті болдырмауға себеп болуы мүмкін.

Ұсыныстар:

Мүдделер қақтығысына қатысты нақты жағдайлар бойынша ішкі мониторинг жүргізуді енгізу, оларды тіркеу және талдау тәртібін бекіту;

Барлық құрылымдық бөлімшелерде түсіндіру және оқыту жұмыстарын тұрақты негізде өткізу (этика, мүдделер қақтығысы, жауапкершілік);

Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат беруді электрондық түрде рәсімдеу тәжірибесін енгізу (автоматты тіркеу, бақылау);

Қызметкерлердің этика және жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыруға бағытталған тренингтер ұйымдастыру;

Мүдделер қақтығысын дер кезінде хабарламаған тұлғаларға қатысты тәртіптік жауапкершілікті нақтылау және оны ішкі тәртіп ережелерінде көрсету.

3. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметке байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Орталықта құжат айналымы, ішкі бұйрықтар мен басқарушылық шешімдер белгіленген тәртіппен және уақытылы рәсімделеді. Ішкі нормативтік актілер, бұйрықтар мен өкімдер заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4. Бюджет және қаржы қаражатын бөлу және игеру.

Ішкі талдау барысында орталықтың бюджетті жоспарлау, қаржы қаражатын бөлу және игеру процестері қаралды.

Қаржылық рәсімдер қолданыстағы заңнамалар мен ішкі ережелерге сәйкес жүзеге асырылуда. Қаржылық рәсімдерде кешігу немесе құжаттардың толық болмауы сияқты заңбұзушылықтар анықталмады. Құжаттама тиісті тәртіпте жүргізіледі, бухгалтерлік есеп пен есептілік уақтылы тапсырылады.

Анықталған жайттар:

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде де Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңына сәйкес: «Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары бірнеше өндірушіден немесе көтерме сауда арқылы берушіден болған жағдайда, неғұрлым төмен құны бар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді.» (бұдан әрі – ҚР Заңы) Жүргізілген талдау нәтижесінде, бұзушылықтардың негізгі себебі ретінде келісім шарттарда бекітілген тіркелген сатып алу бағалары анықталған, бұл бағалар ресми сайтта («Stat.gov.kz») жарияланған орташа статистикалық бағалардан едәуір ауытқып отыр. «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-ны ӘМАТ өнімдеріне қатысты қолданыстағы мемлекеттік сатып алу келісім шарттары қайта қаралып, қолданыстағы мемлекеттік сатып алу «БЕРДІКЕЙ» ЖШС мен жасалынған келісім шартқа өзгеріс енгізілді. Келісім шартта көрестілген ұн бағасы 280 теңгеден 264,99 теңгеге, қарақұмық жармасы 548,80 теңгеден 273,95 теңгеге өзгертіліп, 22.04.2025ж. қосымша келісім шарт жасалынды. Жауапты маманға ескерту түрінде тәртәптәк жаза көрілді.

Анықталған жайттар:

1. Қаржылық құжаттар толық және уақтылы рәсімделеді;
2. Ішкі бақылау және есептілік жүйесі жұмыс істейді;
3. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде қатысушылардың жеткілікті болуы бәсекелестіктің сақталуына мүмкіндік берген.

Қаржы және сатып алу саласындағы оң тәжірибелерді бекітіп, тәуекелдерге жол бермеу үшін тұрақты түрде тәуелсіз аудит немесе ішкі тексерулер жүргізу; Қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін оқыту және қайта даярлау жұмыстарын жалғастыру. Ұсыныс:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша оқыту семинарларын, дөңгелек үстелдерді және басқада іс шараларды ұйымдастыру және өткізу.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

Басшы орынбасары



Д.Т.Тулепов

Басшы орынбасары



Л.И.Натбаева

Бөлім меңгерушісі



Б.А.Кожайсаков

Бөлім меңгерушісі



Н.М.Батыршаев

Дәрігер эпидемиолог



Т.К.Тиллабаева